

Түркістан облысы әкімдігінің "Түркістан облысы әкімі аппараты лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы" 2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 247 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 240 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 желтоқсанда № 31070 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 02.06.2023 № 109 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 7 желтоқсандағы № 247 "Түркістан облысы әкімі аппараты лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының регламентін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5934 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Түркістан облысы әкімі аппараты лауазымды адамдарының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауының Регламентінде:

11-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"11. Қабылдау өтініштердің кезегі тәртібімен жүргізіледі. Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, барлық санаттағы мүгедектігі бар адамдар, жүкті әйелдер, "Алтын Қыран" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы бар адамдар кезектен тыс қабылданады."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

